

**«С.НҰРМАҒАМБЕТОВ АТЫНДАҒЫ №72 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КӘСІПОРНЫНДА «ЖАСӨСПІРІМ – ЗАҢ – ҚАУІПСІЗДІК» АТТЫ МЕКТЕПШІЛІК
ЖИНАЛЫСТЫҢ ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

06.09.2023ж.

Қатысқан оқушы саны - 258

Қатысқандар:

- Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы;
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы;
- Мектеп психологы Бекбосынова Кулия Дәулетқұлқызы.

Күн тәртібінде:

1. Оқушыларға қойылатын талаптар мен мектеп ережесін сақтау, оқушылардың құқығы мен міндеттері /Мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы/
2. Кибербуллингтің зардаптары
/Педагог-психолог Бекбосынова Кулия Дәулетқұлқызы/
3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу
/Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы/
4. Абайлаңыз балалар
/Шымкент ҚПД Қаратау АПБ ЖПҚБ УПИ полиция-лейтинанты Ж.Серікбаев

Т Ы Ң Д А Л Д Ы:

Жиналысты мектеп директоры Усманов Бегмат Нұралыұлы ашып, оқушыларға қойылатын талаптар мен мектеп ережесін сақтау, оқушылардың құқығы мен міндеттері туралы айтып өтті.

- Құрметті оқушылар, ел тізгінін ұстар азаматтар! Бүгін мектебімізде жасөспірім оқушылардың құқықты сауаттылығын арттырып, құқықбұзушылықтың салдары мен оның қандай жағдайға соқтырылғанын түсіндіре отырып, келеңсіз жағдайлардың алдын алу және қазіргі кездегі белең алған кибербуллингтің қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттандыру мақсатында жиналыс ұйымдастырылып отыр. Сіздердің қауіпсіздіктеріңіз мектепте біздің, яғни ұстаздардың, үйде ата-ана жауапкершілігінде. Дегенмен де, қазіргі таңда оқушылар арасында топтық төбелесу, ұрлық, құқықбұзушылық көптеп орын алуда. Соған байланысты жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын күшейту мақсатында ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-шараларға қатысып отыру керек. Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің сан қырын қарастырсақ та құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық көш ілгері болмақ. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылуда. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз. Ел ертені балаларымыздың келешегі, болашақ ел тізгінін ұстар бүгінгі жасөспірімдер тәрбиесі тек ұстазға ғана байланысты емес, үйдегі тәрбие жұмыстары мен жалпы қадағалау ата-ана да айналысуы тиіс. Мектеп директоры Бегмат Нұралыұлы өз сөзін қорытындылай келе, құқық бұзушылықтың қай

кезде де жақсылыққа апармайтынын айтып, оқушыларды тәртіпті, үлгілі көшбасшы болуға шақырды.

Балалар мен жасөспірімдерді кибербуллингтен қалай сақтандыруға болады? Бұл сауалға **мектеп психологы Бекбосынова Кулия Дәулетқұлқызы** жауап берді.

- Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді. Қазіргі уақытта ересектерден бұрын оңы мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін алаңдайтын болдық. Оған себеп – баланы өз-өзіне қол жұмсауға дейін жеткізетін буллинг пен кибербуллинктің кесірі. Статистикаға сүйенсек, бүгінде еліміздегі 11-15 жастағы жасөспірімдердің 12%-ға жуығы – осы кибербуллингтен жапа шеккендердің қатарында. Бұл мәселені Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та назардан тыс қалдырған жоқ. Мемлекет басшысы биылғы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді. Балалар құқын қорғау жөніндегі басқа да шараларды күшейту керек», деген еді. – Президент өз Жолдауында нақ осы мәселелерге назар аударғаны қуантады. Ел Президентінің осы тапсырмасын тиісті органдар қаперге алады деп сенеміз.

Кибербуллинг – адамды интернетте, мәселен, әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау дегенді білдіреді. Жасыратын несі бар, осы күні балалар заман ағымынан, көштен қалмасын деп гаджеттер мен телефонға үйірсек етіп алдық. Сарапшылардың айтуынша, еліміздегі ата-аналар балаларына смартфонды алғаш 3 жасында ұстататын көрінеді. Ал 4-6 жастағы балалардың 54%-да өзінің жеке телефоны немесе планшеті болатын болса, бала 14 жасқа келгенде бұл көрсеткіш 97%-ға жетеді екен. Хат-хабар алысып, жүріс-тұрысын қадағалап тұрған жақсы әрине. Бірақ, таяқтың екі ұшы болмай қоймайды ғой. Өкініштісі сол, бүгінде заманауи технологиялардың пайдасынан гөрі зияны көбейіп барады. Сөз соңында кибербуллингтен сақтанып жүруді қатаң ескертті.

➤ Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша **Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы** сөз алды.

- Құқық бұзушылық. Қылмыс. Ол орын алып болғаннан соң ғана онымен күресіп жатамыз. Неге біз сол қылмыстарды болдырмау үшін нақты істермен айналысып, оқыс оғалардың алдын алмаймыз? Қазіргі таңда балалар арасындағы қылмысты болдырмау үшін сан түрлі түсіндіру жұмыстарымен қаламыздың білім басқармасы бар күшін салуда. Нәтижесі де көңілге қонымды деуге болады. Шымкент қаласының мектеп жасындағы балалар арасындағы құқық бұзушылығы статистикаға сүйенсек едәуір көбейіп келеді. Құқықтық сауатсыздық, яғни өз құқы мен міндетін білмей, басқаның құқын сыйламаудың кесірінен көптеген келеңсіз жағдайларға кезігіп отырамыз. Кәмелет жасына толмаған қылмыскерлердің жасаған қылмыстары арасында тонау, қарақшылық, қасақана өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау секілді қылмыстар кең тарағанын, ұрлық және бұзақылық қылмыстарының 75-80% кәмелетке толмағандардың үлесінде екенін айта келе, осылайша тиісті мекемелер қажетті шараларды іске асырса, қылмыстық оқиғалардың алдын алуға болатынын ескертті.

Қазіргі кезде белең алған қылмыстың бірі -топтасып төбелесу (263 бап), бөтен мүлкін ұрлау (188 бап), денеге жаракат салу(106 бап) және денеге жеңіл жаракат салу(107 бап).

Жасөспірімдердің құқықтық тәртіп бұзушылығының алдын алу мәселесі қазіргі таңда тәрбие саласындағы маңызды міндеттерінің бірі болып саналады. Себебі, соңғы жылдары мектеп оқушылар арасында құқық тәртіпті бұзушылардың саны көбейе түсуде. Осы мақсатта білім беру мекемелерінің жергілікті басқару, ішкі істер органдары, мәдениет, дене шынықтыру және спорт, ішкі саясат бөлімдері, медицина қызметкерлерімен біріккен іс-әрекеті жоғары сапа мен жұмыс нәтижесін бере алады. Ал егер осы жұмысқа ата-аналар да белсенді ат салысса нұр үстіне нұр болар еді. “Кәмелетке толмаған балалар арасында қылмыстың және құқық бұзушылықтың алдын алу”, «Девиантты мінез құлық танытатын қыздарға арналған арнайы

тәрбиелік шаралар», «Қауіп тобына» жататын балалармен жан-жақты жұмысты жандандыру барлығымыздың міндетіміз.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Құрманбай Гүлбақыт Тайжанқызы:

Осы орайда қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін әрқайсымыз жете түсінуге тиіспіз. Мектеп пен жанұяда жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп, тәрбиелі, мәдениетті, білімді адам болуға ұмтылу керекпіз. Құқықтық тәрбие мен құқықтық мәдениетті санаға сіңіріп, өзімізді және қасымыздағы адамдардың жеке басын қадірлеп, құрметтейік! -деп жиналысты аяқтады.

Қ А У Л Ы:

1. Оқушылардың өмір қауіпсіздігі іс- шаралары күшейтілсін және оқушылардың құқығы мен міндеттерін түсіндіру жұмыстары сынып жетекшілер тарапынан орындау тапсырылсын.
2. Балалар мен жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу үшін жасөспірімдердің бос уақыты тиімді ұйымдастырылсын, әрбір ата-ана, сынып жетекші жауапкершілігі арттырылсын.
3. Кибершабуылдан қорғаудың шаралары мен балалар мен жасөспірімдерді кибербуллингтен сақтандыру жолдары оқушылар мен ата-аналарға толық түсіндірілсін. Педагог-психолог пен сынып жетекшілер тарапынан қадағалансын.

ДТІЖО:



Г.Т.Құрманбай

Хатшы:



Г.Р.Тасходжаева

Шымкент ҚПД Қаратау АПБ ЖПҚБ
УПИ полиция-лейтинанты



Ж.Серікбаев